

Радиоәуесқойлық қызметтердің радиоэлектрондық құралдарын пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 23 шілдедегі № 787 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 8 қазанда № 12151 болып тіркелді.

"Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 1-тармағының 19-15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген Радиоәуесқойлық қызметтердің радиоэлектрондық құралдарын пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (Т.Б. Қазанғап):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, оның көшірмесін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында жариялануын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрінің

міндетін атқарушы

А. Рау

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрінің м.а.

Г. Ахмедьяров

2015 жылғы 31 шілде

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 4 қыркүйек

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушының
2015 жылғы 23 шілдедегі
№ 787 бұйрығымен бекітілген

Радиоәуесқойлық қызметтердің радиоэлектрондық құралдарын пайдалану қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жана редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 17.09.2020 № 340/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Радиоәуесқойлық қызметтердің радиоэлектрондық құралдарын пайдалану қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының аумағында радиоәуесқойлық қызметтердің радиоэлектрондық құралдарын пайдалану тәртібін анықтайды.

2. Радиоәуесқойлық қызмет – тиісті хабарлама жіберген жеке тұлғалар жүзеге асыратын, өздігінен үйрену, сөйлесу байланысы және техникалық зерттеу мақсаттарына арналған радиобайланыс қызметі.

Қағидаларда Халықаралық электр байланысы одағының Радиобайланыс регламентінің (International Telecommunication Union, ITU, Женева 2012 жыл) ережелері және Қазақстан Республикасының радиожиліктер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының ұсыныстары ескерілді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 17.09.2020 № 340/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Радиоәуесқойлық қызметтердің радиоэлектрондық құралдары (бұдан әрі - әуесқойлық радиостанциялар) қатысушылар құрамының санына байланысты жеке радиостанциялар және ұжымдық қолданыстағы радиостанциялар болып бөлінеді, сондай-ақ кластарға байланысты төмендегідей санаттарға бөлінеді:

1) байланыс класы:

"экстра" санаты;

бірінші санат;

екінші санат;

үшінші санат.

2) техникалық класс:

спорттық радиопеленгацияға арналған жетектер;

тікелей қатысу сайыстарын жүргізуге арналған радиостанциялар;

репитерлер, ретрансляторлар;

шалқарлар;

модельдерді радио арқылы басқару.

Байланыс класындағы әуесқойлық радиостанциялары радиоәуесқойлар арасында, радиоәуесқойлар мен автоматты радиокондырғылар (автожауап қайтарушылар, репитерлер, ретрансляторлар, оның ішінде ғарыштық объектілерде орнатылған) арасында радиобайланыс жүргізуге арналған. Байланыс класындағы әуесқойлық радиостанцияларына рұқсат етілген жиілік жолақтары, қуаты және сәуле шығару түрлері осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген.

Техникалық кластағы әуесқойлық радиостанциялары спорттық радиопеленгация жөніндегі сайыстарды, радиоәуесқойлықтың үш жақты және көп жақты сайыстарын, радиоәуесқойлық сигналдарын ретрансляциялауды, әуесқойлық телемеханика модельдері мен жүйесін радиобасқаруға және радиошалқарды ұйымдастыруды қамтамасыз етуге арналған. Осы Қағидалардың 2-қосымшасында техникалық кластағы әуесқойлық радиостанцияларға рұқсат етілген жиілік жолақтары, қуаты және сәуле шығару түрлері көрсетілген.

4. Әуесқойлық радиостанцияларды пайдалану әуесқойлық радиостанцияның санатына байланысты қуатқа сәйкес Қазақстан Республикасында әуесқойлық радиобайланыс үшін бөлінген жиілік белдеулерінде жүзеге асырылады.

Радиоәуесқойлық қызметтің санаты келесідей айқындалады:

үшінші санат - хабарлама жіберілген сәттен;

екінші санат - хабарлама жіберілген сәттен бір жылдан бұрын емес;

бірінші санат - хабарлама жіберілген сәттен екі жылдан бұрын емес;

экстра санаты - хабарлама жіберілген сәттен үш жылдан бұрын емес.

Тиісті санаттың шақыру сигналы хабарламада көрсетіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 17.09.2020 № 340/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Радиоәуесқойлық қызметтердің радиоэлектрондық құралдарын пайдалану тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 17.09.2020 № 340/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-2-бабына сәйкес жеке тұлғалар радиоәуесқойлық қызметтердің радиоэлектрондық құрылғылары және жоғары жиілікті құралдарын пайдалануды бастағаны немесе тоқтатқаны туралы хабарламаны (бұдан әрі – хабарлама) "Хабарламалар нысандарын және мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10194 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Телекоммуникациялар комитетінің аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі – аумақтық бөлімшелер) жіберуге міндетті.

Хабарлама "электрондық үкіметтің": www.elicense.kz порталы арқылы жіберіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 17.09.2020 № 340/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Хабарламаны жеке тұлғалар жібереді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 17.09.2020 № 340/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Егер жабдықтың техникалық параметрлері осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген байланыс класындағы әуесқойлық радиостанцияларына рұқсат етілген жиілік жолақтарына, қуатына және сәуле шығару түрлеріне сәйкес келетін болса, радиоәуесқойлар хабарлама негізінде әуесқойлық радиостанцияларды жасайды және пайдаланады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 17.09.2020 № 340/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 17.09.2020 № 340/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі

министрінің 17.09.2020 № 340/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Ұжымдық пайдалану үшін хабарлама оның басшысының атынан жолданады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 17.09.2020 № 340/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Әуесқойлық радиостанцияны ауыстыру, сондай-ақ оның пайдаланушысы, пайдалану аумағы өзгерген жағдайда әуесқойлық радиостанция иесі осы Қағидалардың 5-тармағында белгіленген тәртіпке сәйкес хабарлама жолдайды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 17.09.2020 № 340/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 17.09.2020 № 340/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 17.09.2020 № 340/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Радиоәуесқойдың өзінде бұрын тұрған жерінде болған санаттағы жеке радиостанцияны ресімдеу құқығы сақталады.

15. Әуесқойлық радиостанция хабарламада көрсетілген мекенжайда орналастырылады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 17.09.2020 № 340/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Ұжымдық радиостанциялар өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін, бөгде адамдардың таратқыш құрылғыларға қол жеткізуін болдырмайтын ғимараттарда орналасуы тиіс.

17. Жеке әуесқойлық радиостанция иесі өз радиостанциясында жұмыс істеуге Қазақстан Республикасында жеке пайдаланылатын хабарламасы бар кез келген тұлғаны жібере алады. Аталған пайдаланушы өз санатына рұқсат етілген жиіліктер диапазонында, қуатпен, сәуле шығару түрімен өз шақыру сигналымен жұмыс істей алады.

Ұжымдық радиостанция басшысы ұжымдық радиостанцияда жұмыс істеуге осы радиостанция операторларына және жеке радиостанция иелеріне рұқсат ете алады. Ұжымдық радиостанциядағы жұмыс тек қана оның шақыру сигналымен немесе осы

шақыру сигналының иесіне рұқсат етілген жиілік диапазонында, қутында, сәулену түріне жеке шақыру сигналымен жүргізіледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 17.09.2020 № 340/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Радиостанцияны басқа әкімшілік-аумақтық бірлікке 12 айдан аспайтын мерзімге уақытша көшіруге рұқсат етіледі. Мұндай жағдайда радиоәуесқой, ауыстырған кезден бастап үш айдан кешіктірмей тиісті аумақтық органға бұл туралы хабарлайды.

Басқа облыс аумағындағы әуесқойлық радиостанциямен жұмыс істеген жағдайда шақыру сигналы бөлшекпен толықтырылады, мысалы: UN7AA/7.

19. Жылжымалы объектілерге әуесқойлық радиостанция орнатқанда, шақыру бөлшек бөлігімен толықтырылады:

- 1) құрлықтағы объектілерде - /М, мысалы: UN7AA/М
- 2) өзен, теңіз объектілерде - /ММ, мысалы: UN7AA/ММ
- 3) ауа объектілерде - /АМ, мысалы: UN7AA/АМ

Кеме бортындағы әуесқойлық радиостанцияның жұмысы кеме капитанының (командирінің) келісімі бойынша рұқсат етіледі.

20. Радиостанция облыс шегінде баламалы орналасқан жерде жұмыс істеген жағдайда шақыру сигналына мынадай бөлшек қосылады: /А, мысалы: UN7AA/А

21. Санатына қарай және әуесқойлық диапазондар (жолақтар) шегінде сәуле шығарудың келесі түрлері қолданылады:

- 1) CW - жолақ ауқымы 100 Гц амплитудалық модуляциялы телеграфия (100HA1A);
- 2) SSB - жолақ ауқымы 3 кГц бір жолақтық модуляциялы телефония (3K00J3E, 3K00R3E);
- 3) AM - жолақ ауқымы 6 кГц амплитудалық модуляциялы телефония (6K00A3E);
- 4) FM - жолақ ауқымы 6 кГц жиіліктік модуляциялы телефония (6K00A3E);
- 5) DIGIMODE - цифрлық байланыстың рұқсат етілген барлық түрі.
- 6) SSTV - баяу жаймалаумен (J2F) ақ-қара түсті немесе түрлі-түсті телевизия.

22. Әуесқойлық радиостанциялардың таратқышы сәуле шығару жолағының ені мен қуатының нормасын қамтамасыз етуге, байланысқа шыққан сәттен бастап 15 минут ішінде жиіліктен абсолютты кету ретінде айқындалатын жиілік тұрақтылығына қойылатын мынадай талаптарға сәйкес келеді:

- 1) 300 Гц-тен артық емес (30 МГц төмен диапазондарда);
- 2) 1 кГц-тен артық емес (30 МГц жоғары 1300 МГц төмен диапазондарда).

1300 МГц-тен жоғары диапазондарда жанама сәуле шығару қуаты бұл Қағидалармен регламенттелмейді.

23. Әуесқойлық радиостанцияның құрамына мыналар кіреді:

- 1) қабылдау-тарату аппаратурасы;

2) антенналық құрылғылар;

3) радиотаратқыш аппаратура параметрлерін бақылау үшін қосалқы құрылғылар.

24. Ғимарат шатырына әуесқойлық радиостанциялардың антенналарын орнату қарамағында осы ғимараттар бар органдармен келісіледі. Әуесқойлық радиостанциялардың антенналық құрылыстарын орнату, жөндеу және баптау бойынша жұмыстардың қауіпсіздігі үшін оның иесі (бастығы) жауапты. Әуесқойлық радиостанциялардың иесі дінгектер, тіреулер және бекіткіштер орнатылатын жерлерде ғимараттардың жабындыларының сақталуына жауапты. Сондай-ақ, осы құрылыстардың адамдар үшін қауіпсіздігіне жауапты.

25. Әуесқойлық радиостанциядан шығатын кедергілер болған жағдайда радиостанция иесі оларды жою жөнінде шаралар қабылдайды. Радиоәуесқойлық аппаратурадан шығатын кедергілердің болуын аумақтық орган құралдар арқылы белгілеп, құжатпен растайды.

26. Санаттардың әрқайсысының әуесқойлық радиостанциясы осы Қағидалардың 1-қосымшасында көрсетілген осы санаттағы станция үшін белгіленген жиілік диапазоны (жолақ), қуат деңгейі және сәуле шығару түрлері шегінде қатаң пайдаланылады.

27. Радиоәуесқойлық қызметке қосалқы негізде берілген жиілікте жұмыс істейтін әуесқойлық радиостанциялар осы жиіліктерді бастапқы негізде қолданатын радиостанцияларға кедергі жасамауы керек және олардың талабы бойынша жұмыс істеу жиілігін өзгертуі не тарату жұмысын тоқтатуы тиіс.

28. Әуесқойлық радиостанциялардың операторлары бөлінген диапазондар шегінде тек әуесқойлық радиостанциялардың операторларымен ғана радиобайланыс орнатады. Басқа қызметтегі радиостанциялармен радиобайланыс жасауға олар апат сигналдарын (SOS; MAYDAY) таратқан кезде ғана рұқсат етіледі. Мұндай радиобайланыстың әрқайсысы туралы әуесқойлық радиостанцияның иесі (ұжымдық радиостанцияның басшысы) аумақтық органға хабарлайды.

29. Әуесқойлық радиостанциялардың операторлары өз радиостанциясының шақыру сигналын радиобайланыстың әр сеансының басында және толық аяқталған кезде атайды, ал ұзақ байланыс сеанстарында өз шақыру сигналын 5 минутта кемінде бір рет қайталап тұруға тиіс.

30. Әуесқойлық радиостанцияның шақыру сигналы толық және қысқартусыз айтылуы керек.

31. Телефондық радиобайланыс жүргізу барысында шақыру сигналының әріптері осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес фонетикалық әліпби сөздерінің көмегімен беру ұсынылады. Телеграфтық радиобайланыс жүргізу барысында әуесқойлық радиостанцияларға осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес тек Морзе кодын (әліпбиін) қолдануға рұқсат етіледі.

32. Әуесқойлық радиостанциялармен радиобайланыс жүргізу уақытында ақпарат алмасу радиоәуесқойлық, компьютерлік тақырып және бағдарламалық қамтамасыз ету,

радиоспорт мәселелерін, радиотолқындарды таратуды, әуесқойлық радиостанциялар аппаратурасының техникалық деректерін, антенналар мен ауа райын талқылаумен шектеледі.

33. Радиоалмасу көрсетілген тақырып шегінде ашық мәтінмен осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес әуесқойлық радиостанциялардың сигналдарын бағалау осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес Q-кодын қолдану және осы Қағидалардың 11-қосымшасында көрсетілген радиоәуесқой кодын қолдану арқылы жүргізіледі.

34. Әуесқойлық радиостанция иелеріне:

1) жиілік диапазондарында әуесқойлық радиостанция санатына көзделмеген сәуле шығару түрі, қуаты бар жиілік диапазонында жұмыс істеуге;

2) тағайындалмаған шақыру сигналымен жұмыс істеуге;

3) ұжымдық немесе жеке радиостанциялардан хабар тарату жұмысына хабарлама жібермеген, ұжымдық радиостанцияның мүшесі болып табылмайтын тұлғаларды жіберуге;

4) дөрекі, намысқа тиетін, боғауыз сөздер мен сөз орамдарын қолдануға;

5) телевизиялық, радио және басқа бағдарламаларды (радиоәуесқойлықтан басқа) ретрансляциялауға;

6) шақыру сигналынсыз жұмыс істейтін радиостанциялармен және әуесқойлық емес радиостанциялармен (апат сигналын беруден басқа) радиобайланыс жүргізуге;

7) спутниктерден сигнал қабылдау үшін бөлінген әуесқойлық диапазондар учаскелерінде хабар тарату жұмыстарына;

8) әуе және теңіз кемелерінде осы объектілер үшін жауапты тұлғалардың рұқсатынсыз әуесқой радиостанцияларды орнатуға;

9) қосалқы негіздегі әуесқойлық диапазонндағы қызметтік радиостанцияларға және авариялық байланыс қызметіне кіретін әуесқойлық радиостанцияларға қасақана кедергі жасауға;

10) әуесқойлық радиобайланыстан табыс табуға рұқсат етілмейді.

Ескерту. 34-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 17.09.2020 № 340/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Әуесқойлық радиостанцияларға шақыру сигналдары Халықаралық Электрбайланыс Одағы регламентінің талаптарына сәйкес беріледі.

36. Қазақстан Республикасының радиоәуесқойында жеке пайдаланылатын радиостанцияға арналған тек бір ғана қазақстандық тұрақты негіздегі шақыру сигналы болады.

37. Қазақстан Республикасының радиоәуесқойлық қызметінің шақыру сигналдарының префикстері:

1) UN - Қазақстан Республикасы әуесқойлық радиостанцияларының барлығына беріледі;

2) UO - радиоәуесқойлар радиостанцияларына UN сериялы префикс таусылған кезде беріледі;

3) UP - арнайы әуесқойлық радиостанцияларға беріледі;

4) UQ - резерв (Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік органының арнайы шешімі шыққанға дейін берілмейді).

Әуесқойлық радиостанцияның санатына қарай шақыру сигналдарының мынадай конструкциялары қолданылады.

"Экстра" санаты:

1) префикс - осы Қағидалардың 37-тармағына сәйкес екі әріп;

2) 0-ден 9-ға дейінгі бір сан;

3) суффикс — осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес бір әріп, мысалы: UN0A.

Бірінші санат:

1) префикс - осы Қағидалардың 37-тармағына сәйкес екі әріп;

2) 0-ден 9-ға дейінгі бір сан;

3) суффикс - екі әріп, біріншісі - осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес; екіншісі - "A"-дан "Z"-ке дейін, мысалы: UN 7AA.

Екінші, үшінші санат:

1) префикс - осы Қағидалардың 37-тармағына сәйкес екі әріп;

2) 0-ден 9-ға дейінгі бір сан;

3) суффикс - үш әріп:

біріншісі - осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес;

екіншісі - "A"-дан "Z"-ке дейін;

үшіншісі - "A"-дан "Z"-ке дейін, мысалы: UN 7AAA.

Ұжымдық радиостанциялар:

1) префикс - осы Қағидалардың 37-тармағына сәйкес екі әріп;

2) 0-ден 9-ға дейінгі бір сан;

3) суффикс - үш әріп:

біріншісі - осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес;

екіншісі — "W", "Y", "Z"; үшіншісі - "A"-дан "Z"-ке дейін, мысалы: UN 7AWA.

38. Шақыру сигналын таңдау мүмкіндігі әуесқойлық радиостанцияларға тек бір блок шегінде беріледі. Келесі блоктан шақыру сигналдарын беру, алдыңғы блоктан кемінде 20 әріп қолданылғаннан кейін ғана беріледі, ауытқуға жел берілмейді.

39. Шақыру сигналы латын әліпбиі тәртібімен беріледі. Жағымсыз естілетін әріптерден құрылған шақыру сигналдары, сондай-ақ SOS, QRA-QTZ берілмейді.

40. Шет мемлекеттердің азаматтарына мынадай конструкциядан тұратын бөлшек шақыру сигналдары беріледі.

1) префикс - осы Қағидалардың 37-тармағына сәйкес екі әріп;

2) бөлшек белгісі;

3) шет ел азаматының жеке шақыру сигналы, мысалы: UN/DL 2AB.

41. Радиостанция жабылған жағдайда, қолданылған шақыру сигналы басқа тұлғаға жаңадан қолдануға 5 жылдан кейін ғана беріледі. Егер шақыру сигналының иесі қайтыс болса, онда бұл шақыру сигналы одан арғы беру үшін жатпайды.

42. Арнайы шақыру сигналдарына құрылым жүйесі өзгеше және халықаралық жарыстарды, экспедицияларды, салтанатты, мерейтойлық іс-шараларды өткізу үшін шектеулі мерзімге берілетін шақыру сигналдары жатады. Арнайы шақыру сигналдарын күнделікті қолдануға тыйым салынады. Қысқа толқынды және ультра қысқа толқынды радиобайланыс бойынша халықаралық жарыстарға қатысу үшін арнайы шақыру сигналдары 1-ші және "Экстра" санаты бар жеке және ұжымдық радиостанцияларға беріледі.

43. Арнайы шақыру сигналдарын уәкілетті орган береді.

44. Әуесқойлық радиостанцияның арнайы шақыру сигналын алу үшін эфирдегі жұмыс басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей уәкілетті органға арнайы шақыру сигналын беру туралы өтініш беріледі.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 17.09.2020 № 340/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Басқа мемлекеттердің азаматтарына арнайы шақыру сигналдары берілмейді, оларға Қазақстан Республикасының радиоәуесқойлары міндетті түрде қатысқан жағдайда халықаралық экспедициялар үшін жол беріледі.

46. Радиоәуесқойлық репитерлер мен ретрансляторлар - автоматты режимде жұмыс істейтін және әуесқойлық радиостанциялардың сигналдарын бір диапазон (репитер) шегінде немесе бір диапазоннан екіншісіне ретрансляциялау үшін пайдаланылатын қабылдап-таратушы радиостанциялар (ретранслятор).

47. Радиоәуесқойлық репитерлер мен ретрансляторларды кез келген радиоәуесқой не радиоәуесқойлар ұжымы орнатады.

48. Жұмыс істеу каналының нөмірі және шақыру сигналдын берумен бірге радиоәуесқойлық ретрансляторды орнату хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 17.09.2020 № 340/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Радиоәуесқойлық репитерлерді немесе ретрансляторларды Интернет не басқа желілер арқылы басқа радиоәуесқойлық желілерге қосуға болады.

50. Осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес радиоәуесқойлық ретрансляторларға арналған қабылдап-тарату жиіліктері келтірілген.

1830 — 1838	200	С W (QRP-шақыр ылушы жиілік — 1836 кГц)	1000	500	200	100	
1838 — 1840	500	Радиобайла ныстың тарбелдеулі цифрлық түрі, СW	1000	500	200	100	
1840— 1843	2700	Радиобайла ныстың барлық цифрлық түрі, СW	1000	500	200	100	
1843 — 2000	2700	SSB, АМ, СW	1000	500	200	100	6000 Гц енді жиілік сигналының АМ үшін
Диапазон 80 м							
3500 — 3510	200	СW(көбіне континетара лы қ радиобайла ныстар үшін)	1000	500	200	-	
3510 — 3560	200	СW (көбіне жарыстар үшін), QRS-шақыр ылушы жиілік — 3555 кГц	1000	500	200	100	Белдеудегі жиілік 3510 — 3600 кГц автоматты шалқарда қолдануға болады(А1 А)
3560 — 3580	200	С W (QRP-шақыр ылушы жиілік — 3560 кГц)	1000	500	200	100	
3580 — 3600	500	Радиобайла ныстың тарбелдеулі цифрлық түрі, СW	1000	500	200	100	
3600 — 3650	2700	SSB(көбіне жарыстар үшін), Радиобайла ныстың	1000	500		100	

		барлық цифрлық түрі, CW			200		
3650 — 3700	2700	SSB (QRP-шақырылушы жиілік — 3690 кГц), CW	1000	500	200	100	
3700 — 3775	2700	SSB(көбіне жарыстар үшін), SSTV(SSTV-шақырылушы жиілік — 3735 кГц), Радиобайланыстың барлық цифрлық түрі, CW	1000	500	200	100	В 1 – м ауданындағы IARU станциясына радиоәуесқой-лық авариялық қызметкерлерге 3760 кГц жиілікті қолдануды ұсынады
3775 — 3800	2700	SSB(көбіне континентаралық радиобайланыстар үшін), CW	1000	500	200	100	
Диапазон 40 м							
7000 — 7010	200	CW	1000	500	200	-	
7010 — 7040	200	CW (QRP-шақырылушы жиілік — 7030 кГц)	1000	500	200	100	
7040 — 7047	500	Радиобайланыстың таржолакты цифрлық түрі, CW	1000	500	200	100	
7047 — 7050	500	Радиобайланыстың таржолакты цифрлық түрі, автоматты цифрлық станция, CW	1000	500	200	100	

7050 — 7053	2700	Радиобайла ныстың барлық цифрлық түрі, автоматты цифрлық станция, SSB, CW	1000	500	200	100	
7053 — 7060	2700	Радиобайла ныстың барлық цифрлық түрі, SSB, CW	1000	500	200	100	
7060 — 7100	2700	Радиобайла ныстың барлық түрі, SSB(көбіне жарыстар үшін), Цифрлық дауысты байланыс (шақырылуш ы жиілік — 7070 кГц), SSBQRP- шақырылуш ы жиілік — 7090 кГц	1000	500	200	100	
7100 — 7130	2700	Радиобайла ныстың барлық түрі	1000	500	200	100	В 1 –м ауданындағ ы IARUстанц ия-сына радиоәуеско й-лық авариялық қызметкерл ер-ге 7110 кГц жиілікті қолдануды ұсынады
7130 — 7200	2700	Радиобайла ныстың барлық түрі, SSB(көбіне жарыстар үшін), SSTV (SSTV- шақырылуш	1000	500		100	

		ы жиілік — 7165 кГц)			200		
7175 — 7200	2700	Радиобайла ныстың барлық түрі (көбіне континетара л ы қ радиобайла ныстар үшін)	1000	500	200	100	
10100 — 10140	200	СW (QRP- шақырылуш ы жиілік — 10116 кГц)	1000	500	200	-	Жиіліктің белдеуінде 10100 - 10150 кГц бюллетень ж ә н е жаңалықты ң кез-келген сәулену түрлерін жіберуге тыйым салынады
10140 — 10150	500	Радиобайла ныстың тарбелдеулі цифрлық түрі, СW	1000	500	200	-	
14000 — 14060	200	СW(көбіне жарыстар үшін), QRS- шақырылуш ы жиілік — 14055 кГц	1000	500	200	-	
14060 — 14070	200	СW (QRP- шақырылуш ы жиілік — 14060 кГц)	1000	500	200	-	
14070— 14099	500	Радиобайла ныстың тарбелдеулі цифрлық түрі, СW, автоматты цифрлық станция	1000	500	200	-	
14099 — 14101	200	Радиомаякт ы ң халықаралы қ бағдарламас ы	-	-	-	-	
	2700	Радиобайла ныстың барлық түрі, SSB, СW,	1000	500	200	-	

14101 — 14112		автоматты цифрлық станция						
14112 — 14125	2700	SSB, CW	1000	500	200	-		
14125 — 14225	2700	SSB(көбіне жарыстар үшін), жиілік 14195 кГц ± 5 кГц қолданылад ы көбінесе DX үшін – экспедиция, CW	1000	500	200	-		Екінші санат үшін рұқсат етілген белдеу жиілігі: 14125 - 14200
14225— 14235	2700	SSTV (SSTV-шақы рылушы жиілік — 14230 кГц), SSB(көбіне жарыстар үшін), CW	1000	500	-	-		
14235— 14350	2700	SSB (QRP- шақырылуш ы жиілік — 14285 кГц), CW	1000	500	-	-		14300 – жиілігі бүкіләлемді к радиоәуеско й-лық қызметкерл ер үшін
Диапазон 17 м								
18068 — 18095	200	CW (QRP- шақырылуш ы жиілік — 18086 кГц)	1000	500	200	-		
18095 — 18109	500	Радиобайла ныстың тарбелдеулі цифрлық түрі, CW	1000	500	200	-		
18109 — 18111	200	Радиомаякт ы ң халықаралы қ бағдарламас ы	-	-	-	-		
		SSB, Радиобайла ныстың						Екінші санат үшін жұмыс SSB

18111 — 18120	2700	барлық түрі, C W , автоматты цифрлық станция	1000	500	-	-	жиіліктерін де жұмыс жасау тиым салынады
18120 — 18168	2700	S S B (SSBQRP-в шақырылуш ы жиілік — 18130 кГц), C W	1000	500	-	-	Екінші санат үшін жұмыс SSB жиіліктерін де жұмыс жасау тиым салынады. 18160 – жиілігі бүкіләлемді к радиоәуеско й лы қ қызметкерл ер үшін
Диапазон 15 м							
21000 — 21010	200	CW	1000	500	200	-	
21010 — 21070	200	CW (QRS- шақырылуш ы жиілік — 21055 кГц, Q R P - шақырылуш ы жиілік — 21060 кГц)	1000	500	200	100	
21070 — 21110	500	Радиобайла ныстың тарбелдеулі цифрлық түрі, C W	1000	500	200	100	
21110 — 21120	2700	Радиобайла ныстың барлық түрі, C W, S S T V , автоматты цифрлық станция	1000	500	200	100	
21120 — 21149	500	Радиобайла ныстың тарбелдеулі цифрлық түрі, C W	1000	500	200	100	
21149 — 21151		Радиомаякт ы ң халықаралы қ	-	-		-	

		бағдарламасы			-		
21151 — 21450	2700	SSB, (QRP-шақырылушы жиілік — 21285 кГц), SSTV (SSTV-шақырылушы жиілік — 21340 кГц), CW	1000	500	200	100	21360 – жиілігі бүкіләлемдік радиоәуесқойлық қызметкерлер үшін
Диапазон 12 м							
24890 — 24915	200	CW (QRP-шақырылушы жиілік— 24906 кГц)	1000	500	200	-	
